





ҚОС ҚЫЗ

БАЯУ. ШИРОКО.



Ә - кем а - ты Бо - ран - бай



а - тым Зи - нат, жас - тай - ым - нан бой - ыи -



- да бол - ды сым - бат, ай.

Әкем аты Боранбай, атым Зинат,
Жастайымнан бойымда болды сымбат.
Жаманшылық, жақсылық ісім болса,
Кешіңіздер, ағайын, құрбым қымбат.

Сөз сөйлейін, ағайын, алдарыңа,
Бұл өмірде кім жеткен арманына.
Бір шалменен қосылып кетіп барам,
Көзім жетті өмірдің жалғанына.